

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар
министрлігі

«Қазгидромет» РМК Солтүстік Қазақстан облысы бойынша
филиалы



**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ҚОРШАҒАН ОРТА
ЖАЙ-КҮЙІ ЖӨНПІНДЕГІ
АҚПАРАТТЫҚ БЮЛЛЕТЕНІ**

Қаңтар 2024 жыл

Петропавл қ, 2024 ж

	Мазмұны	Бет.
1	Алғы сөз	3
2	Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері	4
3	Атмосфералық ауа сапасының жай-күйі	4
4	Жер үсті сулары сапасының жай-күйі	7
5	Радиациялық жағдай	8
6	Қосымша 1	9
7	Қосымша 2	9
8	Қосымша 3	10

1. Алғы сөз

Ақпараттық бюллетені Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бақылау желісінде қоршаған ортаның жай-күйіне мониторинг жүргізу бойынша "Қазгидромет" РМК мамандандырылған бөлімшелері орындайтын жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған.

Бюллетені мемлекеттік органдарды, жұртшылықты және халықты Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпараттандыруға арналған және ластану деңгейінде болып жатқан өзгерістер үрдісін ескере отырып, ҚР Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс- шаралардың тиімділігін одан әрі бағалау үшін қажет.

Солтүстік Қазақстан облысының атмосфералық ауа сапасын бағалау

2. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері

Солтүстік Қазақстан облысында атмосфералық ауаға ластаушы заттардың түсінің негізгі көздері энергетика объектілері, өнеркәсіптік кәсіпорындар және автокөлік болып табылады.

Есептік деректерге (өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептер) сәйкес Солтүстік Қазақстан облысында ластаушы заттар шығарындыларының жалпы саны 27,127 мың тоннаны құрады.

Облыс орталығы-Петропавл қаласы-СҚО әуе бассейнін ластауға ең көп үлес қосады. Мұнда облыстың стационарлық көздерінен ластауыш заттардың жалпы шығарындыларының 46,9% — ға жуығын беретін кәсіпорын-«СевКазЭнерго» АҚ (ЖЭО-2) орналасқан.

3. Петропавл қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану жайкүйі.

Петропавл қаласы аумағында атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау 4 бақылау бекетінде, оның ішінде 2 сынаманы қолмен іріктеу бекетінде және 2 автоматты станцияда жүргізіледі (Қосымша 1).

Жалпы қала бойынша 9 көрсеткіш анықталады: 1) қалқыма бөлшектер (шан); 2) құқірт диоксиді; 3) көміртегі оксиді; 4) азот диоксиді; 5) азот оксиді; 6) озон (жербеті); 7) құқірт сутегі; 8) фенол; 9) формальдегид.

1- кестеде бақылау бекеттерінің орналасқан жері және әрбір бекетте анықталатын көрсеткіштер тізбесі туралы ақпарат берілген.

1 кесте

Бақылау бекеттерінің орналасу орны мен анықталатын қоспалар

№	Бақылау жүргізу	Бекет мекен-жайы	Анықталатын қоспалар
1	қол күшімен алынған сынама	Ш. Уалиханов көшесі, 19 Б	қалқыма бөлшектер (шан), құқірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді, фенол, формальдегид, азот оксиді
3		Жумабаев көшесі, 101А	
5	үзіліссіз режимде 20 минут сайын	Парковая көшесі, 57В	қалқыма бөлшектері (шан), құқірт диоксиді, көміртегі оксиді, азот диоксиді мен оксиді, озон (жербеті), құқірт сутегі
6		Ж. Кизатов көшесі, 3Т	

Солтүстік Қазақстан облысында ауаның ластануына бақылау Петропавл қ., жүргізілді (№1 нұкте- «Береке» шағын ауданы).

Құқірт диоксидінің, көміртегі оксидінің, азот диоксидінің, фенолдың, формальдегиддың, құқірт сутегінің шоғырлары өлшенді.

Петропавл қ. 2024 жылғы қантар айындағы атмосфералық ауа сапасы мониторинг нәтижелері

Стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейі **жоғары** болып бағаланды, СИ=9,5 (жоғары деңгей) және ЕЖҚ = 22% (жоғары деңгей) мәнімен анықталды.

Орташа – тәулік шоғыры озон бойынша 1,95 ШЖШ_{о.т.}, басқа ластаушы заттардың шоғырлары ШЖШ - дан аспады.

Максималды – бірлік шоғырлар күкірт сутегі – 9,5 ШЖШ_{м.б.}, азот оксиді – 1,99 ШЖШ_{м.б.}, азот диоксиді – 1,6 ШЖШ_{м.б.}, көміртегіоксиді – 1,2 ШЖШ_{м.б.}. Басқа ластаушы заттардың максималды-бірлік шоғырлары ШЖШ - дан аспады.

Экстремалды жоғары және жоғары ластану (ЖЛ және ЭЖЛ) жағдайлары: Атмосфералық ауаның жоғары ластануы (ЖЛ), экстремалды жоғары ластануы (ЭЖЛ) жағдайлары анықталған жоқ.

Нақты мәндер, сондай-ақ сапа нормативтерінен асып кету еселігі және асып кету жағдайларының саны 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте

Атмосфералық ауа ластануының сипаттамасы

Қоспа	Орташа шоғыр		Ең үлкен бір реттік шоғыр		ЕЖҚ	ШЖШ арту жағдайларының саны		
	ШЖШ _{о.т.} асу еселігі	ШЖШ _{м.б.} асу еселігі	%	>ШЖШ	>5 ШЖШ	>10 ШЖШ		
Петропавл қаласы								
Қалқыма бөлшектер (шан)	0,00	0,00	0,00	0,00	0	0	0	0
Күкіртдиоксиді	0,00	0,07	0,03	0,06	0	0	0	0
Көміртегіоксиді	0,44	0,15	5,82	1,2	0,1	3	0	0
Азот диоксиді	0,03	0,76	0,31	1,6	0,4	8	0	0
Азот оксиді	0,02	0,29	0,80	1,99	0,3	6	0	0
Күкірт сутегі	0,004		0,08	9,5	22	472	3	0
Озон (жербеті)	0,0586	1,95	0,109	0,68	0	0	0	0
Фенол	0,002	0,78	0,008	0,80	0	0	0	0
Формальдегид	0,01	0,56	0,02	0,4	0	0	0	0

Қортынды:

Соңғы бес жылда қаңтар айында ауаның ластану деңгейі келесідей өзгерді:



Кестеден көріп отырғанымыздай, 2020 жылдың қаңтарында ластану деңгейі тәмен деп бағаланды. 2021-2022 жылдар аралығында ластану деңгейі жоғары деп бағаланды. 2023 жылы ластану деңгейі жоғары деп бағаланды. 2024 жылы қаңтардағы ауаның ластану деңгейі жоғары деп бағаланады.

Метеорологиялық жағдайлар

Қаңтар айында облыс бойынша ауаның орташа айлық температурасы 14,1-16,9 °C аяз болды, бұл мөлшер шамасында және мөлшерден 1 °C жоғары.

Жауын-шашынның мөлшері облыс бойынша мөлшерден көп 16,2-51,2 мм, бұл мөлшерден ауып кетуі 121,1-262 % құрады.

Қаңтар айында облыс аумағына циклондар мен атмосфералық фронттар әсер етті. Тұрақсыз ауа райы бақыланды: ауа температурасының ауытқуы, жауын-шашын, көктайғақ, бұрқасын, үйтқыма жел күші 15-24 м/с, екпіні 28 м/с дейін.

Солтүстік Қазақстан облысының аумағындағы атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамы

Атмосфералық жауын-шашынның химиялық құрамына бақылау Петропавл метеостанциясында алынған жаңбыр суына сынама алумен жүргізілді.

Петропавл МС жауын-шашын құрамында барлық анықталатын заттардың шоғырлары шекті жол берілген шоғырлардан (ШЖШ) аспады. Жауын-шашын сынамаларында сульфаттар 30,90 %, гидрокарбонаттар 20,64 %, хлоридтер 14,14 %, кальций иондары 13,38 % және натрий иондары 7,37 % болды. Жалпы минерализация 16,83 мг/дм³, электрөткізгіштік – 30,00 мкСм/см құрады.

Түсken жауын-шашын қыышқылдылығы нейтралды сипатқа ие болды (5,61).

4. Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторингі

Солтүстік Қазақстан облысы аумағында жер үсті суларының сапасына бақылау **1** су нысанында (Есіл өзені), **5** тұстамада жүргізіледі.

Жер үсті суларын зерттеу кезінде су сынамаларында су сапасының **46** физикалық және химиялық көрсеткіштері анықталады: *көзбен шолу, температура, қалқыма заттар, меншікті электроткізгіштік, тұсі, ісі, мөлдірлігі, сутегі көрсеткіші (рН), еріген оттегі, % оттекпен қанықтыру, құргақ қалдық, ОВТ₅, ОХТ, құрамында тұз бар негізгі иондар, биогенді элементтер, органикалық заттар (мұнай өнімдері, фенолдар), ауыр металдар, пестицидтер.*

Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті сулар сапасының мониторинг нәтижелері

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

Су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша келесідей бағаланады:

3 кесте

Су объектісінің атауы	Су сапасының класы		Көрсеткіштер	Өлш. бірл.	Концентрация
	2023 ж. Қантар	2024 ж. Қантар			
Есіл өзені	4 класс	Нормаланбайды (>3 класстан)	Фенолдар	мг/дм ³	0,0021

* - бұл кластагы заттар нормаланбайды

Кестеден көріп отырғанымыздай, 2023 жылғы қантар айымен салыстырғанда Есіл өзеніндегі судың сапасы – жақсарды.

Солтүстік Қазақстан облысының су объектілеріндегі негізгі ластаушы фенолдар болып табылады. Осы көрсеткіштер бойынша сапа нормативтерінің асып кетуі, негізінен, елді-мекендердің ағынды суларының төгілуімен байланысты.

Су объектілерінің тұстамалар шегіндегі су сапасы бойынша ақпарат 2-қосымшада көрсетілген.

Жоғары (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары

2024 жылдың қантар айында облыс аумағында жоғары ластану (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластану (ЭЖЛ) жағдайлары анықталмады.


5. Радиациялық жағдай

Атмосфералық ауаның ластануының гамма сәулелену деңгейіне құнсайын жергілікті 3 метеорологиялық станцияларда (Возвышенка, Петропавл, Сергеевка) бақылау жүргізілді.

Облыстың елді-мекендері бойынша атмосфералық ауа қабатының жерге жақын қабатының орташа радиациялық гамма-фонның мәні 0,06-0,16 мкЗв/сағ. шегінде болды. Облыс бойынша радиациялық гамма-фонның орташа мәні 0,12 мкЗв/сағ. және шекті жол берілетін шама аралығында болды.

Атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті ластануына бақылау Солтүстік Қазақстан облысының аумағында 2 метеорологиялық станцияда (Петропавл, Сергеевка) ауа сынамасын горизонтальді планшеттермен бес тәуліктік сынама алу жолымен жүзеге асырылды. Облыс аумағында атмосфераның жерге жақын қабатының радиоактивті түсулерінің орташа тәуліктік тығыздығы 1,5-2,2 Бк/м² шегінде болды. Радиоактивті түсулер тығыздығының орташа мәні 1,7 Бк/м² құрады, ол шекті жол берілетін шегі деңгейінен аспады.

1-қосымша



Сур.1 – Ластануды бақылаудың стационарлық желісінің орналасу
схемасы СКО атмосфералық ауасы

2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы жер үсті су сапасының тұстамалар бойынша ақпараты

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық көрсеткіштер бойынша сипаттамасы	
Есіл өзені		су температурасы 0,2 °C, сутегі көрсеткіші 7,66 - 8,23, суда еріген оттегінің концентрациясы – 9,48 – 12,6 мг/дм ³ құрады, ОБТ ₅ – 0,61 – 2,51 мг/дм ³ , мөлдірлік – 22 - 30 см.
Сергеевка қ. Сергеевка қаласынан 0,2 км жоғары	4 класс	Магний – 36,7 мг/дм ³ . Магнийдың нақты концентрациясы фондық кластан асады
Покровка а., Покровка ауылынан 0,2 км жоғары	4 класс	Магний – 35,2 мг/дм ³ . Магнийдың нақты концентрациясы фондық кластан асады
Петропавл қ., Петропавл қаласынан 0,2 км жоғары	Нормаланбайды (>3 класстан)	Фенолдар* – 0,0018 мг/дм ³ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады
Петропавл қ., Петропавл қаласынан 4,8 км төмен, 5,8 км ТЭЦ-2 ағын суларынан төмен	Нормаланбайды (>3 класстан)	Фенолдар* – 0,0018 мг/дм ³ . Фенолдардың нақты концентрациясы фондық кластан асады
Долматово а., Долматово а. 0,4 км төмен	4 класс	OXT – 33,9 мг/дм ³ . OXT нақты концентрациясы фондық кластан асады

* - бұл кластады заттар нормаланбайды

3-қосымша

Анықтама бөлім

Елді мекендердің ауасындағы ластаушы заттардың рұқсат етілген шекті шоғырлануы (ШЖК)

Қоспа атауы	ШЖК мәні , мг/м3		Қауіпсіздік класы
	Максималды бір реттік	Орташатәуліктік	
Азот диоксиді	0,2	0,04	2
Азот оксиді	0,4	0,06	3
Аммиак	0,2	0,04	4
Бенз/a/пирен	-	0,1 мкг/100 м ³	1
Бензол	0,3	0,1	2
Бериллий	0,09	0,00001	1
Қалқыма бөлшектер (шаң)	0,5	0,15	3
М-10 қалқыма бөлшектері	0,3	0,06	
РМ-2,5 қалқыма бөлшектері	0,16	0,035	
Хлорлы сутегі	0,2	0,1	2
Кадмий	-	0,0003	1
Кобальт	-	0,001	2
Марганец	0,01	0,001	2
Мыс	-	0,002	2
Күшала	-	0,0003	2
Озон (жербеті)	0,16	0,03	1
Қорғасын	0,001	0,0003	1
Құқірт диоксиді	0,5	0,05	3
Құқірт қышқылы	0,3	0,1	2
Құқіртті сутегі	0,008	-	2
Көміртегі оксиді	5,0	3	4
Фенол	0,01	0,003	2
Формальдегид	0,05	0,01	2
Фторлы сутегі	0,02	0,005	2
Хлор	0,1	0,03	2
Хром (VI)	-	0,0015	1
Мырыш	-	0,05	3

«Қалалық және ауылдық елді-мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын гигиеналық нормативтер» (2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 СанЕН):

Атмосфераның ластану индексінің дәрежесін бағалау

Градациялар	Атмосфераның ластануы	Атмосфера ластануының көрсеткіштері	Бір айға бағалау
I	Төмен	СИ ЕЖК, %	0-1 0
II	Көтерінкі	СИ ЕЖК, %	2-4 1-19
III	Жоғары	СИ ЕЖК, %	5-10 20-49
IV	Өте жоғары	СИ ЕЖК, %	>10 >50

Мемлекеттік органдарды тұрғындар қогамдастығын ақпараттандыру үшін қалалардың атмосфера ластануының жай-күйі жөніндегі құжат 52.04.667-2005 БҚ. Әзірлеуге, салуга, баяндауғажән мазмұндауға қойылатын жалпыталаптар.

Су пайдаланудың санаттары (түрлөрі) бойынша суды пайдалану сыныптарын саралау

Суды пайдаланусанаты (түрі)	Тазартумақсаты/түрі	Суды пайдаланусыныптары				
		1- сынып	2- сынып	3- сынып	4- сынып	5- сынып
Балықшаруашылығы	Албыртбалық	+	+	-	-	-
	Тұқыбалық	+	+	+	-	-
Шаруашылық- ауызсұменжабдықтау	Қарапайым су дайындау	+	+	-	-	-
	Дағдылы су дайындау	+	+	+	-	-
	Қарқынды су дайындау	+	+	+	+	-
Рекреация		+	+	+	-	-
Суару	Дайындықсыз	+	+	+	+	-
	Картадатұнбалау	+	+	+	+	+
Өнеркәсіптік:						
технологиялық мақсатта, салқыннатуурдісі		+	+	+	+	-
гидроэнергетика		+	+	+	+	+
пайдалықазбалардыңндіру		+	+	+	+	+
су көлігі		+	+	+	+	+

Су объектілерінде су сапасынжіктеудің бірынғай жүйесі (КР АШМ СРК 09.11.2016 жылғы №151 бұйрығы)

Радиациялық қауіпсіздік нормативі*

Нормаланатын шамалар	Дозалар шектері	
	Тиімді доза	Халық
	кез келген соңғы 5 жыл ішінде орташа жылына 1 мЗв, бірақ жылына 5 мЗв артық емес	

*«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар»

**«ҚАЗГИДРОМЕТ» РМК СҚО БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ
МЕКЕН ЖАЙЫ:
ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫ
ПАРКОВАЯ КӨШЕСІ 57А
ТЕЛ. 8-(7152)-50-09-42
E MAIL:LABOR_XIM@MAIL.RU**